«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

# Ашық сабақ

Тақырыбы:Жауынгердің тұлғасы.



Пәні : Қазақ тілі

Сыныбы: 5 «В»

Пән мұғалімі:Азимова М.Б

**Шымкент-2025жыл**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім атауы: Адамның сырт келбеті мен мінезі.** | **Мектеп: 136 ЖОББМ** | |
| **Күні: 11.03.2025ж** | **Мұғалімнің аты-жөні: Азимова Меруерт Бакытовна** | |
| **Сынып: 5 «В» сынып** | **Қатысқан оқушылар саны:** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Жауынгердің тұлғасы** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу;<br>5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу; | |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазады, сан есімнің мағыналық түрлерін біледі;<br>**Көптеген оқушылар:** эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып , сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата біледі;<br>**Кейбір оқушылар:** эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазады, сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата біледі; | |

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>2 мин | **І. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Сәлемдесу, сабаққа дайындық.<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы. «Бірлік және ынтымақ» құндылығы бойынша әрбір жас ұрпақты өз Отанын сүйе білуге , оны қорғауға, еліміздің өркендеуіне үлес қосуға баулу, туған жерге деген азаматтық сезімдерін ояту. | Оқушылар QR арқылы , жасанды интелек көмекшісіннің біреуін таңдап өз топтарына бөлінеді. | **Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-** | АКТ<br><br>Оқулық, жұмыс дәптерлері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3мин<br><br>7мин | <br>Топқа бөліну. «Вертуалды көмекші»<br><br>1-топ.<br>2-топ<br>3-топ<br><br>Үй тапсырмасы: «Сиқырлы сандық» әдісі арқылы<br><br>**Құндылық сабақтың өң бойында жүреді.**<br>***Қызығушылықты ояту AR\VR цифрлық карточкасы***<br>**«Тұлғаны таны»** | 1-топ.<br>2-топ.<br>3-топ.<br><br>Оқушылар LD экран арқылы , сандықшаларды таңдап өткен сабақты пысықтайды. | **ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі. “Жарайсың” “Керемет” СЫНДЫ СӨЗДЕРМЕН МАҚТАУ** | ҚБ. Домбыра<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>«Құпия хаттар» сұрақтар әдісі .<br>- Тұлға туралы не білеміз?<br>- Б. Момышұлы «қаруы мен қаламын қатар ұстаған жазушы» деген сөзді ашып түсіндір.<br>- 3.Б.Момышұлы кім? | Оқушылар QR арқылы , жасанды интелек програмасы арқылы AR\VR цифрлық карточкасы арқылы тұлғаны танып қызығушылығын арттырады.. | Мұғалім оқушыларды “домбыра » әдісі арқылы бағалайды. 1-10 балдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.<br><br>**Дескриптор:**<br>***Жалпы -2 балл***<br><br>• сабақтың мақсатын біледі;<br>• сұрақтарға жауап береді; | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **I.ЖАЗЫЛЫМ АЛДЫ.** ***<u>Әңгімені түсініп оқиды.</u>***<br>***<u>«Сиқырлы есіктер» әдісі арқылы сұраққа жауап береді.</u>***<br>«Бірлік және ынтымақ» құндылығы бойынша әрбір жас ұрпақты өз Отанын сүйе білуге , оны қорғауға, еліміздің өркендеуіне үлес қосуға баулу, туған жерге деген азаматтық сезімдерін ояту. Патриоттық сезімдерін ояту. | Тапсырманы орындау барысында оқушының оқылым және айтылым қабілеті дамиды. | **Дескриптор:**<br>***Жалпы -3 балл***<br><br>• Әңгімені түсініп оқиды;<br>• Сұрақтарға жауап береді;<br>• Ой түйіндейді. | ҚБ. Домбыра |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5мин | Әңгімені түсініп оқып, оқиғасына сәйкес тақырып қойыңдар.<br><br>Соғыс саябыр тауып тынар емес. Хабар онша қуанышты да емес: екі жақтан да шығын мол...<br>Бұдан екі апта бұрын полкке тағайындалғанымда: «Өз батальонымды, от пен суды бірге кешіп, тар жол, тайғақ кешуден, сұм майданның бірнеше құз-қияларынан бірге өткен ерлерімді кімге тапсырамын?» деп көп ойлап, толғанып, сенімді адам іздеп, екі күн ұйқы көрместен басымды қатырып, кіші лейтенант Мұхаметқұл Исламқұловқа тоқтап, соны бірінші батальонның командирі етіп тағайындағанмын. Басқалары бұрынғыдай: әрқайсысы өз орнында.<br>Мұхаметқұл соғыстан бұрын Қазақстанда газет қызметкері болып істеген, орта бойлы, кең маңдайлы, жайнаған дөңгелек мөлдір көзді, салтанатты, келбетті жігіт еді. «Түсі жақсыдан түңілме» дегендейін, табанды, сабырлы, ісін ақылға салып, түбін ойлап істейтін, жүректі командирлерімізідің бірі еді.<br>Саябыр тауып тынар емес – бәсеңдемеді, тынышталмады.<br>Лейтенант – әскери атақ.<br>Батальон – әскери бөлім.<br>**1. Б.Момышұлы туралы қандай кітаптар оқып, кинофильмдер көрдіңдер?**<br>**2. Сендердің ойларыңша, жауынгердің тұлғасы қандай болуы керек?**<br><br>**3. Саябыр тауып тынар емес сөзінің  мағынасы қандай?**<br>**4. Мұқаметқұл кім ол соғыстан бұрын қандай қызмет атқарған?**<br>**5. Лейтенат  дегеніміз кім?**<br><br>**Сиқырлы есіктер**<br> | Тапсырманы орындау барысында оқушының оқылым және жазылым қабілеті дамиды. | | <br>Оқулық,жұмыс дәптерлері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 мин | **II. ЖАЗЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫ**<br><br>**Тапсырма. «Гугл» интернет желісін пайдаланып эссе жазу.** Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, Алдыңғы тапсырмадағы айшықты сөздерді қолданып,«Жауынгердің тұлғасы» туралы шағын эссе жазыңдар.<br>( 60-70 сөз)<br><br><br> | Тапсырманы орындау барысында оқушының айтылым қабілеті дамиды. | **Дескриптор:**<br>**Жалпы бал- 3 балл**<br>• Тақырыппен танысады;<br>• Эссенің құрылымын сақтайды;<br>• Сөз санын сақтайды. | ҚБ:<br>«Домбыра»<br> |
| 5 мин | **III.ЖАЗЫЛЫМНАН КЕЙІН. ӘТН.**<br><br>**Болжалдық сан есімдер** заттың санын дәл білдірмей, шамамен болжалдап көрсетеді де, *қанша? неше? қай шамалы? қаншадан?* сияқты сұрақтарға жауап береді. Болжалдық сан есімдер бірнеше жолмен жасалады.<br>Жасалу жолдары:<br>1. Есептік сан есімдерге *-лаған, -леген, -даған, -деген, -таған, -теген, -лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп, -дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *мыңдаған, жүздеп, сексендей,* т.б.<br>2. Есептік сан есімдерге көптік жалғауы, оған барыс не жатыс септік жалғаулары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *жасы алпыстарда, елулерге келген,* т.б.<br>3. Есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы: *алпыс-жетпіс, сексен-тоқсандай,* т.б.<br>4. Есептік сан есімдерге *шамалы, шақты, қаралы, таман, тарта, жуық, жақын* сияқты сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *жүзге тарта, елуге жақын, он шақты, он мыңға жуық,* т.б. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | **Дескриптор:**<br>***Жалпы бал – 2 балл***<br>• Сан есімді | Оқулық, жұмыс дәптерлері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 мин | **Тапсырма.**<br>Вордвол әдісін пайдаланып. Болжалдық сан есімге байланысты тапсырманы орындайды.Сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратады. | | тауып,тиісті ұяшыққа орналастырады;<br>• сан есімнің мағынасын ажыратып,бөледі; | |
| 5 мин | Сабақты бекіту. «Сабақты бекіту. «Құндылық қоржыны» әдісін пайдаланып сабақты бекітеді..<br><br> | | Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>3 мин | **Кері байланыс «Бағдаршам»**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>Үй тапсырмасы:<br><br>6 тап | |

| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
|---|---|---|
| Диалог, интерактивті әдістер, жасанды интелект тапсырмалары.<br><br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | «Мадақтау сөз» әдісі.<br>“Домбыра” әдісі,<br><br>1-10 балдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

| | | |
|---|---|---|
| соңы<br>3 мин | **Кері байланыс «Бағдаршам»**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.<br>Үй тапсырмасы:<br><br>6 тап | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| Диалог, интерактивті әдістер, жасанды интелект тапсырмалары.<br><br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | «Мадақтау сөз» әдісі.<br>“Домбыра” әдісі,<br><br>1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1: AR/VR цифрлық карточкасы.

2: „Вертуалды көмекші" топқа бөлу.

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1: „Бордвол" әдісі.

2:

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

1: „Бағдаршам" әдісі арқылы оқушылардың білімін ұтым-

2: ды қорытындыладым.



